

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ
PROBLEMS OF LINGUISTICS

FTAMP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp9-21](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp9-21)

А.Б. Абилмажинова¹, М.К. Ахметова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

МЕЙРАМ-ТОЙ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Мақалада қазақ тіліндегі мейрам-той атауларының тақырыптық-мағыналық топтары қарастырылады. Мейрам-той атаулары ұлттық лексиканың құрамдас бөлігі ретінде халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, әлеуметтік-қоғамдық құрылымын және мәдени өмірін тұтастай бейнелейтін этномәденилингвистикалық бірліктер. Мақаланың мақсаты – мейрам-той атауларын тақырыптық-мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып сипаттау және оларды қазақ халқының танымымен, ұлттық салт-дәстүрімен, әлеуметтік-мәдени ортасымен, қоғамдағы орнымен сабақтастықта қарастыру. Осы мақсатқа сәйкес мейрам-той атаулары Ә. Қайдардың топтастыруы, этнографиялық жіктеу және Қазақстан Республикасының мерекелер туралы заңы негізінде жүйеленіп, тақырыптық-мағыналық топтарға бөлінді. Аталған топтарға ұлттық салт-дәстүрге қатысты атаулар, мемлекеттік мерекелер және қазіргі заманауи мерекелік атаулар енгізілді.

Зерттеу барысында дәстүрлі түрде өткізілетін тойлар мен қазіргі мерекелік іс-шаралардың мәдени-әлеуметтік ерекшеліктері және олардың қоғамдағы ынтымақтыстық пен береке-бірлікті қалыптастырудағы рөлі талданды. Мейрам-той атаулары ұрпақтан-ұрпаққа мәдениет пен дәстүрді жеткізетін кумулятивтік қызмет атқара отырып, этномәдени кодтарды сақтаудың құралы екені айқындалып, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи әлеуметтік құбылыстар арасындағы сабақтастықты көрсететіні анықталды.

Зерттеу нәтижесінде мейрам-той атаулары этностың болмысы мен дүниетанымын бейнелейтін дербес этномәдени тақырыптық-мағыналық топ екені дәйектелді.

Кілт сөздер: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этносемантика, лингвомәдени бірлік, мейрам-той атаулары.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мейрам-той қоғамдық-әлеуметтік, мәдени құбылыс ретінде түрлі сала мамандарының – мәдениеттанушылардың, тарихшылардың, этнографтардың, философтардың, психологтардың және тіл мамандарының назарын аудартып келеді. Әрбір ғылым саласы мейрам-тойды өздерінің зерттеу аспектісінде қарастырады. М.М. Бахтиннің пікірінше, мейрам-тойлар – адамзат мәдениетінің бастапқы түрі және қоғамды біріктіретін құндылықтар жүйесі ретінде қарастырылады [1, 7]. Б.Л. Уорф «Language, thought and reality» («Тіл, ой және шындық») еңбегінде: «мейрам-той – тілдік және мәдени құбылыс ретінде әрбір халықтың дүниетанымын бейнелейді», – деп көрсетеді [2, 245]. Ал Д. Хаймс «Foundations in Sociolinguistics: An Ethnographic Approach» («Әлеуметтік лингвистиканың негіздері: этнографиялық тәсіл») еңбегінде: «мейрам-тойлар – сөйлеу нормаларының микроәлемі, мейрам-той атаулары әлеуметтік лингвистикада қарастырылуға нысан бола алады», – деп атап өтеді [3, 85]. Орыс тіл білімінде мейрам-той атаулары этимологиялық, лингвомәдени, этнолингвомәдени және

танымдық бағыттарда жан-жақты зерттеліп, олардың әлемнің ұлттық тілдік бейнесін қалыптастырудағы және тілдік ерекшеліктерін көрсетудегі маңызы қарастырылған. Мысалы, Ю.А. Фролкованың «Лингвокультурологическое поля «Праздник» в русском языке в сопоставлении с испанским и английским языками» («Орыс тіліндегі «Мейрам» лингвомәдени өрісі (испан және ағылшын тілдерімен салыстырмалы түрде»), П. Чеснокованың «Лингвокультурологическое особенности русских названий праздников» («Орыс тіліндегі мейрам атауларының лингвомәдени ерекшеліктері»), П. Хайтунның «Национальные образы мира: на примере концепта ПРАЗДНИК в китайской и русской лингвокультурах» («Әлемнің ұлттық бейнелері: қытай және орыс лингвомәдениеттеріндегі МЕЙРАМ концептісі негізінде») атты филология ғылымдарының кандидаттық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеулерінде мейрам-той атауларының ұлттық-мәдени сипаты айқындалып, «мейрам» концептінің мәдениетаралық қырлары сараланады. Ал А.С. Леонованың «Национально-культурный компонент лингвистического концепта «Праздник» («Мейрам» лингвистикалық концептісінің ұлттық-мәдени компоненті») және Е.В. Мишенькинаның «Этимологический анализ концепта «праздник» как способ описания языковой картины мира славян» («Мейрам» концептісінің этимологиялық талдауы – славян халықтарының тілдік әлем бейнесін сипаттау тәсілі ретінде») атты мақалаларында мейрам-той атауларының ұлттық мазмұны мен құндылықтық сипаты жан-жақты талданып, концептінің тарихи-танымдық негіздері қарастырылады. Сонымен қатар осы тақырып бойынша көптеген басқа ғалымдардың еңбектерінде де жан-жақты зерттеулер жүргізілген. Ал отандық тіл білімінде мейрам-той атаулары жеке мәселе ретінде қарастырылмаса да, кейбір мейрам-той атауларының шығу тегі, пайда болу уәжділігі туралы тілдік мәліметтер беретін еңбектер бар. Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Ә. Нұрмағанбетов, Н. Уәли, Р. Шойбеков т.б. ғалымдардың зерттеулерінен мейрам-той атаулары жөнінде пікірлерді кездестіруге болады. Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде мейрам-той атауларына қатысты түсінік береді. Этнолингвистикалық сөздіктің екінші томында: «Қарап отырсаң, қазақ перзенті ұлттық салт-дәстүрі толық сақталған бейбіт те мамыра-жай өмір-тіршілігінде сан алуан той-томалақтың куәгері болады екен. Тіпті оған бағытталған ырым-кәделі қуаныштар «тал бесіктен жер бесікке дейінгі» ғұмырында ғана емес, анасының құрсағында пайда болған («Құрсақ той»), одан дүниеге келіп, алғаш тоңғақ тастаған («Өркен той») сәттерінен басталып, фәни дүниеге кеткеннен кейін де («Ас тойы») жалғаса беретіні белгілі. Осы аралықта қазақ перзенті өзіне тікелей қатысты қанша және қандай той-томалақтың өтетінін өзі білмесе де, халық жадында олар әлі күнге сақталып келеді: «Шілдехана», «Бесік той», «Тұсау кесер тойы», «Атқа мінген той», «Сүндет той» т.б. Олар ата-ана қуанышына, өз қуанышына, ел қуанышына айналып, өзіне тән жол-жоралғы, ырым-кәделермен жалғаса береді. Азаматтың ержету, қызбаланың бойжету, олардың үйлену, күйеуге шығу, перзент көру, өсіп-өнуіне байланысты той-домалақтардың (қыз ұзату, келін түсіруге т.б. байланысты) сан мен түрі қаншама», – дейді [4, 583]. Демек, мейрам-той атаулары ұлттық дәстүрді, әлеуметтік қатынастарды және ұрпаққа берілетін мәдени-рухани құндылықтарды бейнелейтін маңызды феномен екенін көрсетеді. Ал Ж. Манкееваның пікірінше, мейрам-той атаулары - халықтың этникалық болмысының айқын айғағы болып табылады және мәдениеттің, дәстүрдің, сондай-ақ рухани құндылықтардың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады [5, 87]. Н. Уәли мен Р. Шойбековтің «Қазақ тойының түрлері мен қызметіне этносемантикалық талдау» атты мақаласында: «Көптеген халықтардың салт-дәстүр дүниесінде ежелден келе жатқан жалпыхалықтық сипаттағы той-жиындар, күнтізбелік мейрамдар, ұлттық ойынсауықтар, әралуан қызықты спорт жарыстары көптеп кездеседі. Бұлар тек көңіл көтеретін гедоникалық қана емес, қоғамдағы әлеуметтік жіктер мен топтарға ортақ, олардың бірегейлігіне ұйытқы болатын мәдениәлеуметтік мәнге ие шаралар деп танылады», – дейді [6, 33]. Яғни, мейрам-той атаулары тек көңіл көтеру оқиғасы ғана емес, ұжымдық санада қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынастарды, мәдени құндылықтарды және қоғамдағы бірлік пен ұйымдасудың белгісін көрсетеді.

Мейрам-той атаулары ұлттық салт-дәстүрді, мәдени-рухани құндылықтарды және әлеуметтік қарым-қатынастарды бейнелейтін феномен болып табылады. Олар ұрпаққа берілетін мәдени мұра мен қоғамдық бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарып, тілдік дүниетаным арқылы этникалық болмысты бейнелейді.

КІРІСПЕ

Мейрам-той атаулары ұлттық тілдік жүйенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде этномәдени және әлеуметтік құбылыстарды бейнелейтін лексикалық бірліктер, сондықтан оларды этимологиялық және мәдени-концептуалдық тұрғыдан зерттеу олардың аксиологиялық мазмұнын ашуға әрі ұлттық дәстүр мен қоғамдағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. С. Бизақовтың «Синонимдер сөздігі» еңбегіне сәйкес, «мейрам», «мереке» және «той» сөздері синонимдік қатарға жатқызылады және қазақ тілінде салтанатты сауық-сайран мен қызық думанды білдіреді [7, 399]. Э.В. Севортянның пікірінше, «мейрам» және «бейрам» тұлғалары бір лексеманың тарихи-фонетикалық варианттары болып табылады. Сөздің бастапқы нұсқасы «бейрам» түрінде қалыптасқан деп қарастырылады. Кейін -й-дыбысының палатализациялаушы ықпалы мен прогрессивті ассимиляция үдерістерінің нәтижесінде сөздің басындағы б дыбысы артикуляциялық өзгеріске ұшырап, «мейрам» тұлғасы орныққан. Осылайша, «мейрам» формасы «бейрам» нұсқасының фонетикалық дамуы негізінде қалыптасқан [8, 35]. Ал Ә. Нұрмағанбетов «Бес жүз бес сөз» атты еңбегінде «той» сөзінің төркінін қарастырып, оның көне түркі жазба ескерткіштерінде қазіргі мағынасында қолданылғанын көрсетеді. Бұл лексема қазақ тілінде ғана емес, түрікмен, қырғыз, хакас, тува сияқты басқа да түркі тілдерінде тұлғалық және мағыналық тұрғыдан сақталған. Көне деректерде «той» сөзі «шамадан тыс ішіп-жеу» мағынасымен қатар «жиын, топ» ұғымында да жұмсалған. Сонымен бірге тунгус-маньчжур тілдеріндегі нанай, негидал, орок, орош, ульч, эвен, эвенкі тілдерінде дыбыстық құрамы ұқсас «төй», «туйү» сөздері «қонақ ету, сыйлау, құрмет көрсету» мағыналарында қолданылады. Осы тілдік деректерді салыстыру «той» лексемасының семантикалық құрылымында «қарын тойдыру», «жиын, топ» және «қонақ ету, сый-құрмет көрсету» мағыналарының тоғысатынын айқындайды [9, 271].

Осылайша, мейрам-той атаулары қазақ тілінде тек атаулық бірлік ретінде емес, ұлттық дәстүрді, әлеуметтік қатынастарды және рухани құндылықтарды бейнелейтін этномәдени семантикаға ие лексикалық жүйе ретінде танылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Аталған тақырыпты зерттеудің өзектілігі қазіргі тіл білімінде мейрам-той атауларын тақырыптық-мағыналық тұрғыдан жүйелеу қажеттілігімен айқындалады. Сонымен қатар жаһандану үдерісі жағдайында шет елдердің мәдениетінен мейрам-той атауларының енуіне байланысты қазақ тіліндегі мейрам-той атауларының жүйесі кеңейіп, этномәдени және танымдық сипатында өзгерістер орын алды. Осыған байланысты мейрам-той атауларын топтастыру, олардың мазмұндық құрылымын айқындау және этномәденилингвистикалық сипатын анықтау маңызды. Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі мейрам-той атауларын этномәдени ерекшеліктеріне сәйкес тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеу және мейрам-той атауларының таным-мәдениет-тіл үштігі қағидаттары негізінде олардың денотативтік қызметін қарастыру. Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі мейрам-той атауларының этномәденилингвистикалық ерекшеліктерін анықтау. Тақырыпты талдау барысында зерттеу материалдарының базасы ретінде лексикографиялық дереккөздер, атап айтқанда қазақ тілінің түсіндірме, этимологиялық, синонимдер және этнолингвистикалық сөздіктері, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267-ІІ Заңы пайдаланылды. Сонымен бірге отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер қолданылды.

Зерттеу бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде мейрам-той атауларына қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер талданып, әдіснамалық негіз

айқындалды. Екінші кезеңде тілдік материал жинақталып, мейрам-той атаулары жүйеленді. Үшінші кезеңде тақырыптық-мағыналық талдау жүргізілді. Төртінші кезеңде алынған нәтижелер қорытындыланып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін сипаттау, жүйелеу, топтастыру және жинақтау әдістері қолданылды. Аталған әдістер мейрам-той атауларының мағыналық ерекшеліктерін, этномәдени, семантикалық мазмұнын және типологиялық жіктелуін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде мейрам-той атауларының отбасылық және қауымдық сипаттағы негізгі тақырыптық-мағыналық топтары айқындалды.

Мейрам-той атаулары ұлттық мәдени санадағы мағыналық қабаттарды көрсетуде маңызды рөл атқарады. Олар ұлттық дүниетаныммен байланыста қалыптасқан рухани-мәдени құбылыс болып табылады. Әрбір халықтың өзіндік ұлттық дүниетанымы бар. Ұлттық дүниетаным – белгілі бір ұлттың дүниеге, табиғатқа және қоршаған ортаға деген көзқарастары мен таным-түсініктерінің жүйесі [10, 303]. Ұлттық дүниетанымның ерекшеліктері мейрам-той атауларының мазмұны мен семантикалық құрылымынан айқын көрінеді.

Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» этнолингвистикалық сөздігінде қазақтың мейрам-тойларын үш топқа бөліп қарастырады:

1) «Жас балаларға арналған мейрам-тойлар», оған: *құрсақ той, шілдеhana, тұсаукесер тойы, сүндет той, үзеңгі/атқа мінгізу тойы, тілашар тойы*;

2) «Екі жасқа арналған мейрам-тойлар», оған: *құдалық той, ұрын той, қыз қашар тойы, отау байғазы, қыз ұзату, тойдың алғашқы күні, тойдың келесі күні, неке қияр, жыртыс той, қоржын той, келін түсіру тойы, беташар той, есік ашар тойы, есік-төр көрсету тойы, келін көңілі, төсек той*;

3) «Ұлттық мереке-мейрамдар», оған: *ас беру, көкпар беру, қыз ойнақ, наурыз мейрамы, ергенеқон, саршұнақ наурыз, құрбан айт, қымызмұрындық, қырман тойы* жатады [4, 584].

Ежелгі уақытта қазақ халқының мейрам-тойлары көшпелі өмір салтымен байланысты. Олар негізінен аграрлық және мал шаруашылығына қатысты жылдық циклдерге негізделіп, жыл мезгілдерінің ауысуына сәйкес ғұрыптық рәсімдер мен салт-дәстүрлерді қамтыған [11, 1012]. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда: «тойдың жеке отбасы болып және қауым мүшелеріне бірлесіп ұйымдастыратын негізгі екі түрі бар. Қазақ қоғамында тіршілік циклына қатысты отбасылық тойлар басты орынды иеленеді. Оған шілде той (шілдеhana), бесік тойы, сүндет тойы сияқты тойларды жатқызуға болады. Бұдан кейін бойдақтық мәртебеден өтіп, бас құрап, үй болуымен қоғамның толыққанды мүшесіне айналғанын білдіруге негізделген үйленуге қатысты атқарылатын тойлар аса маңызды болып саналады. Ал қауым болып бірлесе атқаратын тойлар негізінен қауымның шаруашылығындағы циклдық іс-шараларды атқаруға байланысты болып келеді. Бұл тойларға сабан той, қырман қандау тойы, қымызмұрындық, бие ағыту, күйек алу сияқты басқадай шаралар жатады», – деп тойлар екіге бөлінеді [12, 394].

Ал Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267-II заңының 1-бабында мерекелер *ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер* деп үшке бөлінеді:

• «*Ұлттық мерекеге*» Қазақстан Республикасының мерекелер туралы заңының 2-бабына сәйкес 25 қазанда аталып өтілетін *Республика күні*;

• «*Мемлекеттік мерекелерге*» Заңның 3-бабы бойынша *Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні*;

• «*Кәсіби және өзге де мерекелерге*» Заңның 4-бабына сәйкес, ұлттық және мемлекеттік мереке мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер жатады. Кәсіби мерекелерді мемлекеттік орган бекітеді. Аталған мерекелерге: алғыс айту күні, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні, отбасы күні, Қазақстан халқы тілдерінің күні, ұлттық валюта – теңге күні, мұғалім күні, спорт күні, медицина қызметкері күні және т.с.с. енеді [13].

Демек, мейрам-той атаулары ұлттық дүниетаным мен этномәдени құндылықтарды бейнелейтін тілдік бірлік, оларды Ә. Қайдардың топтастыруы, этнографиялық жіктелуі және Қазақстан Республикасының мерекелер заңнамасы тұрғысынан қарастыру дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заманауи мерекелік жүйенің ара-жігін айқындайды.

НӘТИЖЕЛЕР


Жоғарыдағы топтастыруларды басшылыққа ала отырып, мейрам-той атауларын отбасылық және қауымдық деп бөліп, әрқайсысын одан әрі тармақтап жүйеледік. 1-суретте олардың тақырыптық-мағыналық топтарға бөлінуі ұсынылған.

I Жеке отбасына арналған мейрам-той атаулары:

- 1) Жас балаларға арналған мейрам-той атаулары;
- 2) Екі жасқа арналған мейрам-той атаулары;
- 3) Мерейтой атаулары (туған күн және отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар).

II Қауымдық мейрам-той атаулары:

- 1) Ұлттық мейрам-той атаулары;
- 2) Мемлекеттік мейрам атаулары;
- 3) Маусымдық мейрам-той атаулары;
- 4) Діни мереке атаулары;
- 5) Кәсіби және өзге де мейрам атаулары.



1-сурет. Мейрам-той атауларының тақырыптық-мағыналық топтары.

Бірінші топ «отбасылық мейрам-той атаулары» деп аталады. Бұл топқа жататын мейрам-той атаулары жеке отбасының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Жеке отбасына арналған мейрам-той атаулары қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Осы атаулардың астарында ұлттың бала тәрбиесіне, оның аман-есен жетіліп, өсіп-өнуіне деген ниеттің, соған бағытталған іс-әрекеттің жатқанын байқауға болады. Ал екі жастың бақытты, елге сыйлы отбасы атануы үшін әке-шешеден бастап, тума-туыс, ауыл-аймақ қолдауымен қаншама қадамдардың жасалуы және әрқайсысының астарында қыз бен жігіттің жарасымды, үйлесімді жұп құруына деген тілектің болуы үлкен жауапкершілікке меңзейді. Әрине, мейрам-той атауларының ішінде қазіргі кезде түрлі салт-дәстүрмен байланысты ұмыт болған көнерген аталымдар бар. Сонымен қатар мазмұны мен тойлану ерекшелігі, атауы ұлттық тіліміз бен мәдениетімізге тән болмаса да, мәдениетаралық қарым-қатынас ықпалымен мейрам-той атауы ретінде енген кірме сөздердің қазіргі тілдік қолданыста кездесетіні байқалады. Мысалы, *гендер-пати* (gender party) – құрсақтағы шарананың

жынысын анықтауға арналған той, *авто-пату* (auto party) – негізгі іс-шара (той, мереке және т.б.) аяқталғаннан кейін той-томалақтың одан әрі жалғасын табуы, *хэн-пату* (hen party) – тұрмысқа шығу алдында қыздардың ұйымдастыратын ресми немесе бейресми ойын-сауық кеші, *калор-пату* кеш (color party) – әр адам немесе ұжым, отбасы алдын ала белгіленген түрлі түстермен киініп, мерекелік көңіл-күй мен бірлік сезімін білдіретін кеш. 1-кестеде жеке отбасыға арналған мейрам-той атаулары жинақтала келе берілді.

1-кесте. Жеке отбасына арналған мейрам-той атауларының жіктелімі.

Отбасына арналған мейрам-той атаулары		
Жас балаға арналған мейрам-той атаулары	Екі жасқа арналған мейрам-той атаулары	Мерейтой атаулары
<i>құрсақ той, шілдеhana, тұсаукесер тойы, сүндет той, үзеңгі/атқа мінгізу тойы, тілашар тойы.</i>	<i>қыз ойнақ, құдалық той, ұрын той, қыз қашар тойы, қыз көру, қалың мал, сыңсу, отау байғазы, қыз ұзату, тойдың алғашқы күні, есік ашар, неке қияр, жолдық, жыртмыс той, қоржын той, келін түсіру тойы, беташар той, есік ашар, тойы, сырға салу.</i>	<i>жасыл той, шыт той, былғары той, жібек той ағаш той, шойын той, қаңылтыр той, фаянс той, раушан той болат той, кесте той, күміс той, інжу той, алтын той, гауһар той, тәже той, туған күн, мерейтой (50 жас, 60 жас, 70 жас, 80 жас мерейтойы т.б.).</i>

Отбасы – адамзат баласының дүниеге келгенде есігін айқара ашып, оған кіріп, өсіп-өнетін, тәрбие алатын аса қажетті әрі қасиетті алтын тұғыры. Осы себептен қазақ тілінде жас балаларға арналған мейрам-тойлар көп кездеседі. Бұл мейрамдар тек көркемдік-эстетикалық тұрғыдан ғана емес, халықтың және тұрмыс-тіршілігімен, түсінігімен белгілі бір әдет-ғұрыптарды орындауымен тығыз байланысты.

Отбасылық мейрам-той атауларының құрамындағы «балаларға арналған мейрам-той атаулары» тармағы сәбидің дүниеге келуінен бастап, ер жетіп, қоғамның толыққанды мүшесіне айналуына дейінгі кезеңдерді бейнелейді. Қазақ тілінің сөздік құрамында жас балаларға арналған мейрам-тойдың маңыздылығын мақал-мәтелдерден, тұрақты сөз тіркестерінен де байқауға болады, мысалы: «*бесіксіз үй – берекесіз*», «*тұсаулы ат сүрінбейді, тұсаулы бала құламайды*», «*сүндетке отырғызған ұлдың бағы ашылады*» және т.б. паремиялар, «*дүние есігін ашты*», «*сүндетке отырғызды*», «*тұсауын кесті*», «*шілдеhana күзетті*» т.б. фразеологизмдер қолданылады. Жас балаларға арналған мейрам-тойлардың ішінде ерекше аталып өтілетіні – *құрсақ той*. Аяғы ауыр әйелге қатысты ертеден келе жатқан салт-дәстүр. Келіннің сәби көтергендігін байқаған енесі «*құрсақ той*» немесе «*құрсақ шашу*» деп те аталатын кішігірім басқосу тойын өткізген. «Қазақ сөздігі» атты біртөмдік үлкен түсіндірме сөздікте: «Құрсақшашу – көптен бала көтермеген әйел не жас түскен келін екіқабат болғанда жасалатын ырым», – деп берілген [14, 851]. Жұрттың тіл-көзі өтпесі деген ниетпен «*ақ келіннің құрсағы ақ айранға толыпты*», «*ана, келініңіз елдің алғысын алыпты, айранға, көжеге тойыпты*» деп атымен атамай атаған. «*Ұл тап*», «*аман-есен босан!*», «*жерік асын жеген жетілер, жерік асын жемеген кетілер*» сияқты дәстүрлі тілек-мағыналы сөздер қолданылған. Қазақ салт-дәстүріне ұқсас қазіргі кезде жастар батыс Еуропа елдеріне еліктеп, сол жақтың мерекелерін атап жүр. Қазіргі таңда «*бейби шауэр*» (baby shower) тойлау кеңінен таралып келеді. Бұл батыс Еуропадағы ХХ ғасырда пайда болған, құрсақтағы балаға арналған той. Осы мереке біздің қазақ жастарының арасында соңғы кездері үлкен танымалдыққа ие.

Жас балаларға арналған мейрам-тойлар, әрине, мұнымен шектелмейді, ұлттық дүниетаным, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптан ақпарат беретін *шілдеhana, қырқынан шығару, сүндет той, тоқым қағар* және т.б. атаулар көп.

Отбасына арналған мейрам-той атауларының келесі тармағы «*екі жасқа арналған мейрам-тойлар*». Екі жасқа арналған мейрам-тойлар отбасын құру, жаңа өмірге қадам басу, ұрпақ жалғастыру сияқты адам өміріндегі маңызды оқиғаларға негізделген мейрам-той түрлері болғандықтан, жеке қарастырған жөн. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-

ғұрпында осыған қатысты мейрам-той атаулары жеткілікті. Екі жасқа қатысты мейрам-тойлар жүйесінде «ұрын бару» дәстүрі ерекше орын алады. Қазіргі тілдік қолданыста бұл атау сирек ұшырасқанымен, дәстүрлі мәдениетте оның мәні айқын сақталған. Салт-дәстүр бойынша ұрын бару – қалыңмалдың бір бөлігі төленгеннен кейін күйеудің жөн-жоралғысын жасап, тиісті сый-сияпатымен қалыңдық ауылына алғаш рет баруы [14, 1337]. Екі жасқа қатысты өткізілетін мейрам-тойлардың ішінде «беташар тойы» айрықша мәнге ие. Беташар – шаңыраққа жаңа түскен келінді ата-енесімен, үй ішіндегі жандармен және қайын жұртымен таныстыруға арналған ұлттық салт рәсімі. Бұл жоралғыда жырау немесе ақын әрбір туыстың беделі мен қадір-қасиетін термелеп айтып, келінге сәлем салғызады, ал аты аталған адамдар тарапынан сый-сияпат көрсетіледі [14, 230]. Беташардағы сәлем салу әрекеті тек таныстыру қызметін ғана атқармай, әруақтар дүниесі мен тірілер әлемін байланыстыратын, келінді жаңа әлеуметтік ортаға енгізетін символдық мәнге ие. Осы рәсім барысында айтылатын «анау бір тұрған атасы – қара бір жердің жотасы», «анау бір тұрған енесі – қара бір жердің кемесі», «ана тұрған қайнаға, қайнаға жүрер пайдаға», «айт келін-ау, айт келін» және т.б. жолдар беташардың дәстүрлі формулалық мәтіндері болып табылады.

Отбасылық мерекелердің ішінде ерекше аталып өтілетіні – *мерейтойлар*. Мерейтойларды атап өту – бұл адамзат тарихында ұзақ уақыт бойы қалыптасқан дәстүр. Мерейтой – жеке адамның, мекеменің, қаланың т.б. белгілі бір дөңгелек жасқа толған күнін атап өту салтанаты [14, 922]. Атаулы мерейтойларға ел тарихында аттары алтын әріппен жазылған тұлғалардың дүниеге келген күндері мен айтулы оқиғалар орын алған күндер жатады, мысалы: *ұлы қазақ ойшылы және ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, тілтанудағы тұлғалар академиктер Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойы немесе «Казахстанская правда» газетінің шыққанына 105 жыл және т.с.с.* жатқызуға болады. Адамның туған күніне байланысты мерейлі мерейтойлар болады. Бұл дәстүр қазақ қоғамында адамның үлкен өмірлік жолын бағалау, сол адамның қоғамға, отбасыға қосқан үлесін мойындау мақсатында жасалатын той. Қазақ дәстүрінде жас кезеңдеріне қатысты қалыптасқан паремиялық бірліктер жүйесі бар: «қырық жас – қылыш жас», «елу жас – ел ағасы», «алпыс жас – пайғамбардың жасы», «жетпіс жас – жетпістің белесі», «сексен жас – сексеннің сеңгірі». Мерейтойларда адамның жасын және әлеуметтік мәртебесін көрсететін «жігіт ағасы», «ел ағасы», «жас жігіт» және т.б. тұрақты сөз тіркестері, сондай-ақ бата беру дәстүрі кеңінен қолданылады.

Екінші топ «қауымдық мейрам-той атаулары» деп аталады. 2-кестеде қауымдық мейрам-той атаулары жинақтала келе берілді.

2-кесте. Қауымдық мейрам-той атауларының жіктелімі.

Қауымдық мейрам-той атаулары			
Қазақстан Республикасының мемлекеттік және Ұлттық мейрам-той атаулары	Діни мейрам-той атаулары	Маусымдық мейрам-той атаулары	Кәсіби және өзге де мейрам-той атаулары
<i>Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының конституциясы күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні және Қазақстан Республикасы күні.</i>	<i>Құрбан айт, Ораза айт, ас беру, Христиандық Рождество.</i>	<i>Наурыз мейрамы, ергенеқон, қырман тойы, сабан той, бие ағыту, уыз той, қымызмұрындық, ақсабанның тойы т.б.</i>	<i>Медицина қызметкері күні, полиция күні, мұғалім күні, Рәміздер күні, алғыс айту күні және т.б.</i>

Қауымдық мейрам-той атауларының ерекшелігі көбінесе қауым болып бірлесе өткізілетін мейрам-тойлармен байланысты. Белгілі бір уақытта бұл іс-шаралар атқарылатындықтан, оларды жеке топ ретінде қарастыруға болады.

Қауымдық мейрам-той атауларының құрамындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мейрам-той атаулары» қоғамдық-саяси мәнге ие, мәдениетаралық

эсер арқылы қалыптасқан және тілдік жағынан ресми сипатта болып, мемлекеттік құндылықтарды бейнелейтін стандарттық тілдік бірліктерді қамтиды. Адам санасында дайын күйінде меңгерілетін, үйреншікті, стереотипті және ақпараттық жүктемесі бар экспрессивті-бейнелік клише мен штамп сөздер жиі қолданылады, мысалы: «Мықты денсаулық тілеймін», «Шексіз бақыт», «Сәттілік серігіңіз болсын» және т.б. Демек, бұл мейрамдар мерекелік қарым-қатынастың стандартты үлгісін қалыптастырып, қоғамдағы ресми және мәдени нормаларды бекітеді.

Қауымдық мейрам-той атаулары жіктеуінің келесі тармағы – діни мейрам-той атаулары. Діни мерекелер – әрбір дінді ұстанушылар үшін ерекше қадірленетін мереке күндері болып табылады. Ораза айт – ораза айы аяқталған соң үш күн бойы тойланатын діни мейрам [14, 1004]. Айт күні адамдар бір-біріне «*айтыңыз құтты болсын!*», «*айт қабыл болсын, ораза мұбәрәк болсын*» деп тілектесіп, қол алысып, төс қағыстырады. Сонымен қатар пітір садақа, зекет беру, жарапазан айту, қайырымды іс жасау сияқты дәстүрлі әрекеттер орындалады. «Ораза айт» мейрамы этномәдени санада адалдық, мейірімділік және қайырымдылықты бейнелейтін символ ретінде қалыптасқан. Діни мерекелердің ішінде қасиетті Құрбан айттың алатын орны ерекше. Асыл дінімізде дәріптелген діни дәстүр ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, Ұлы дала төсіндегі ұлық мерекеге айналды. Ал *құрбан айт* – ораза айттан кейін жетпіс күн өткен соң атап өтілетін, құрбандық шалу рәсімімен ерекшеленетін мұсылмандардың діни мейрамы [14, 849]. «Құрбан айт» мерекесімен құттықтау барысында «*құрметті бауырлар, құрбан айт мұбәрәк болсын!*», «*қуанышымыз ұзағынан сүйіндіргей*» т.б. тілек сөздер жиі қолданылады. Сонымен қатар «*құрбандық шалу*», «*садақа беру*», «*қажылық ету*» және басқа да сөз тіркестері қатысушылардың танымдық және аксиологиялық көзқарастарын көрсетеді.

Дүниежүзінің 145 мемлекетінде тойланатын православтар мен католиктердің діни мейрамы «*Рождество*» Қазақстан Республикасында да тойланады. 2005 жылдың 7 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, православ рождествосы елімізде Құрбан айт мерекесі сияқты демалыс күні болып жарияланды. Рождество мерекесі христиандық дәстүр бойынша Иса пайғамбардың туылған күнін атап өтетін қасиетті мереке. Рождество тек діни мереке ғана емес, сонымен қатар халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың да жиынтығы. Мерекеде Рождестволық дастарқан, Рождестволық шырша, сыйлықтар, әуендер мен әндер символдық белгілеріне жатады. Рождестволық мейрамда көмекке мұқтаж адамдарға көмек қолын созады, қамқорлық көрсетеді және қоғамның адамгершілік қасиеттерін арттыруды, кішіпейіл болу мен қайырымдықты насихаттайды. Рождествоны «*құлшылық жасау*», «*махаббат пен мейірім мерекесі*», «*тыныштық тілейтін дұғалар айту мерекесі*», «*татуласу, кешіру мерекесі*» деп санайды. Халық арасында *Jingle Bells*, *Silent Night*, *Joy the World* сияқты әндер айтылады.

Ал «маусымдық мейрам-той атаулары» ата-бабаларымыздың болмысын және кейбірі ұмыт болған мәдени өмірінің ақиқат бейнесін бейнелейді. Маусымдық мейрам-тойлар күнтізбелік сипаты арқылы ерекшеленеді. *Наурыз мейрамы* және ел арасында ұмыт болған мейрам-тойлар *саршұнақ наурыз*, *қырман тойы*, *сабан той*, *күйек алу*, *бие ағыту*, *қымызмұрындық*, *уыз тойы*, *ақсабанның тойы* жатады. Ұлттық мереке-мейрамдардың ішінде «*қымызмұрындық тойы*» дың қатарында. Қымызмұрындық – бие байлағаннан кейінгі ауылдастарын алғашқы қымыз ішуге шақыру салты [14, 868]. Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» этнолингвистикалық сөздігінде: «Қымызмұрындық тойында көрші қолаң, абысын-ажын, дос-жаран жандар бір-бірін құттықтап, «қоныс құтты болсын!», «мал сүтті болсын!», тәрізді тілектерін айтысып, қымыз ішіп, ет жеп маз-мейрам болып жарысады. Бұл той кезінде тартылған бие бауларына ақ құйып, шашу шашу ырым-кәделерін де істейтін болған. Ерте кезде бүкіл ауылдан жиналған қымыз қорын шебер келіншектер бір түрлі етіп қана қоймай қымыздың алуан түрлі – «май қымыз», «шілде қымыз», «сүр қымыз», «келіншек қымыз», «жая қымыз», «бал қымыз», «бесті қымыз», «құнан қымыз», «дөнен қымыз», «түнемел қымыз», «саумал қымыз» т.б. – дайындап, тойдың сәнін кіргізіп, сапасын арттыра түсетін болған. Той қадірменді қарт-ақсақалдардың тілек-батасымен, жастардың ойын-тамашасымен аяқталатын

болған», – берілген [4, 593]. «Қымызмұрындық» тойына қатысты салт-дәстүрде қалыптасқан лексемаларға «*бие байлар*», *бие бау*», «*бал қымыз*», «*жас қымыз*», «*жуас қымыз*», «*қысырдың қымызы*», «*саумал*» және т.б жатқызуға болады. Маусымдық мейрам-тойға қатысты «*Уыз той*» атауы да бар. Бұл уыз қазақ халқының мал төлдейтін айлардағы ең бір сүйсініп жейтін тамағы. Уыз – бұл жаңа төлдеген малдың төлі емгеннен кейінгі алғашқы сүтінен пісіріледі. Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» еңбегінде: «*уыз той – жаңа туған сиырдың, қойдың уызын жинап, «Ақ мол болсын» деген ырыммен бүкіл ауылды шақыратын кішірек той. Уыз той да көктем әкелген мерей. Елдің ақ молдығын тілейтіні – молшылық, тоқшылық*», – деп берілген [15, 618]. Уыз тойға қатысты «уызға тойған қозыдай», «уыз айы» лексемалары да қолданылады. Уыздың «*сары уыз*», «*ақ уыз*», «*қатырған уыз*», «*пісірілген уыз*» тәрізді түрлері бар. Егіншілікпен байланысты мейрам-той атауы – *ақсабанның тойы*. Егінге алғаш орақ түскенде өткізілетін мереке. Егінге орақ саларда Дихан бабаға бағыштап құрбандық шалып, дастарқан жаю Диқан дарысын деп ізгі тілек айту орақ науқанын ұжымшылдықпен атқаруға ұйтқы болады. Егінші ауылдарда ұжымшылдықпен атқарылып, орақ науқаны ақсабан, ақ егістің орағы деп те айтылады. Диқандар қауымы өткен қыста тұқымға алған алыс-берісін ақ сабанның кезінде қайтарады. «Алашағыңды ақсабанда аларсың, не қақсағанда аларсың» деген дағдылы сөз осы орайда айтылған.

Қауымдық мейрам-той атаулары жіктеуінің соңғы тармағы – кәсіби және өзге де мейрам-той атаулары. Кәсіби және өзге де мейрам-той атауларының өзінің тілдік ерекшеліктері бар. Мұндай мейрамдар ұжымдарда, қауымдастықтарда, жастар арасында, не болмаса отбасы ортасында аталып өтіледі. Аталған мейрам-тойларға ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмейді. Кәсіби және өзге де мейрам-тойлар қоғамда маңызды әлеуметтік міндетті атқарады, себебі адамдарды біріктіреді және белгілі бір топтың маңыздылығын көрсетеді. Кәсіби мерекелер әртүрлі мамандық иелері арасында өз еңбектерін бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Олар көбінесе кәсіби ұжымдар арасында арнайы іс-шаралар болып табылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Мейрам-той атауларын тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеу арқылы ұлттық салт-дәстүр мен дүниетанымдық құрылымдар анықталды. Отбасына арналған мейрам-той атаулары қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты болып, ұрпақ тәрбиесіне, оның аман-есен өсуіне, азамат болып қалыптасуына бағытталған іс-әрекеттер мен ниеттерді сипаттайды. Жас балаларға арналған мейрам-тойлар қазақ тіліндегі «*шілде суынан өткен нәресте суыққа тоңбайды*», «*сүндетке отырғызған ұлдың бағы ашылады*» т.б. таным-түсініктер арқылы олардың маңыздылығы мен мәдени мәнін айқындайды. Екі жасқа арналған мейрам-тойлар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетіне негізделген мейрам-той атауларына жатады. Ал мерейтойлар адамның туған күні, ұйымдар мен мекемелердің мерейтойлары, сондай-ақ отбасы өміріндегі атаулы күндерді, мысалы: күміс той, маржан той, алтын той және т.б. атап өтуге бағытталады. Алайда қазіргі таңда кейбір дәстүрлі атаулар ұмыт болып, олардың орнына мәдениетаралық қарым-қатынастың ықпалынан енген мейрам-той атаулар бар, мысалы: «бейби шауэр», «гендер-пати» және т.б. кездеседі. Бұл жаңа атаулар ұлттық тілдік жүйеде өзгерістерге әкеліп, заманауи қазақ қоғамындағы мәдени интеграция үдерісін көрсетеді. Ал Қауымдық мейрам-той атаулары белгілі бір қауымдастық немесе қоғам болып ұйымдастырылатын іс-шаралармен байланысты. Мұндай атаулар мемлекеттік мерекелер, діни мерекелер, маусымдық мейрамдар, кәсіби және өзге де салалық мерекелер ретінде жіктеледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелер мен ұлттық мерекесі (Республика күні, Жаңа жыл, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Халықаралық әйелдер күні және т.б.) қоғамдағы бірлікті көрсетсе, діни мерекелер (құрбан айт, ораза айт, рождество) этномәдени санадағы адалдық, мейірімділік және қайырымдылық құндылықтарын және толеранттылықты бейнелейді. Ал маусымдық мейрам-тойлар (Наурыз мейрамы, қымызмұрындық, уыз той, ақсабан тойы және т.б.) тарихи-мәдени тәжірибені, ауыл

шаруашылығы, мал шаруашылығы, аграрлық шаруашылықтың табиғатқа қатысты дәстүрлерді ұрпаққа жеткізеді. Кәсіби және өзге де мерекелер ұжымдарда немесе қауымдастықтарда әлеуметтік байланысты нығайтуға, әртүрлі мамандық иелерінің еңбегін бағалауға бағытталған.

Отбасына арналған мейрам-той атаулары мен қауымдық мейрам-той атауларын зерттеу ұлттық мәдениет пен тіл сабақтастығын көрсетеді. Осы тұрғыдан мейрам-той атаулары тек мерекелік іс-шараларды сипаттап қана қоймайды, қоғамның рухани және мәдени өмірінің маңызды өлшемдерін бейнелейтін құбылыс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ана тіліміздің этномәденилингвистикалық қорында мейрам-той атаулары өзіндік ерекше семантикалық топты құрайды. Қазақ тіліндегі мейрам-той атаулары тек лексикалық бірлік қана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет, дәстүр, тарих пен қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды бейнелейтін күрделі, көпқабатты тілдік құбылыс. Зерттеу барысында мейрам-той атауларын олардың тойлану ауқымы мен қатысушылардың әлеуметтік мәртебесіне қарай екі негізгі топқа – отбасылық және қауымдық мейрамдар тобына бөлінді. Отбасылық топқа: жас балаларға арналған тойлар, екі жасқа арналған тойлар және мерейтойлар енсе, қауымдық топқа: Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мейрам-той атаулары, маусымдық, діни және кәсіби мейрамдар жатады. Бұл топтастыру мейрам-той атауларының қазақ тілінің сөздік құрамында жеке тақырыптық-мағыналық құрылым ретінде маңызды орын алатынын көрсетеді. Мейрам-той атаулары ұлттық дүниетанымды, этномәдени құндылықтарды және қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін көрсетуге қабілетті. Сонымен қатар зерттеу барысында тілге енген кірме атаулардың әсері мен жаһандану үдерісінің қазақ тіліндегі мерекелік лексикаға ықпалы да анықталды. Ә. Қайдардың этнолингвистикалық жіктемесі мен этнографиялық топтастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мерекелер заңнамасындағы топтастыру бойынша қарастыру дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заманғы мерекелік жүйенің арақатынасын, олардың бір-бірімен үндесетін және өзара ерекшеленетін тұстарын айқын көрсетті.

Осы тұрғыдан алғанда, мейрам-той атауларын тақырыптық-мағыналық тұрғыда топтастыру, олардың этносемантикалық мазмұнын талдау және мәдени-танымдық контекстте қарастыру тіл мен мәдениеттің, тіл мен ұлттың тұтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Демек, мейрам-той атаулары қазақ тілінің лексикалық жүйесінде ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді сақтауда және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқаратын тілдік бірліктер.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2024-2026 ж. қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Bakhtin M. M. Creativity of Francois Rabelais and folk culture of the Middle Ages and Renaissance //Lib. ru/Classics: Mikhail Mikhailovich Bakhtin. The work of Francois Rabelais and the folk culture of the Middle Ages and Renaissance. – 1990.
- 2 Benjamin, L.W. Language, though and reality. – New York: Published jointly by The Technology Press of Technology, 1956. – 250 p.
- 3 Dell, H. Foundations in Sociolinguistics. – Philadelphia: An Ethnographic Approach. University of Pennsylvania Press, 1974. – 239 p.
- 4 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Т.2. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.

- 5 Манкеева, Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2008. – 356 б.
- 6 Уәли, Н., Шойбеков, Р. Қазақ тойының түрлері мен қызметіне этносемантикалық талдау // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 2 (135). – 32-39 Б.
- 7 Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
- 8 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. 2-том. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.
- 9 Нұрмағанбетов, Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 300 б.
- 10 Ибраева Д.С. Қазақ мифтік әңгімелеріндегі ұлттық дүниетанымның көрінісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №6 (152) 2014. – Б. 302-306.
- 11 Islambekov A., Zhiyenbekova A., Azizov A., Arymbayeva, K., & Alikbayeva M. Holiday as a Phenomenon of Kazakhs: Sociocultural and Historical Aspects. *Journal of Posthumanism*, 5(5) 2025, 1012-1021. DOI: <https://doi.org/10.63332/joph.v5i5.1418>
- 12 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі/ 5-том, энциклопедия. – Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. – 816 б.
- 13 Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы Заңы, 13.12.2001 жыл № 267-ІІ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000267>
- 14 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 бет.
- 15 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Тематико-смысловые группы названий праздников

А.Б. Абилмажинова¹, М.К. Ахметова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 01000, Казахстан

В статье рассматриваются тематико-семантические группы наименований праздников и торжеств в казахском языке. Наименования праздников и торжеств как составная часть национальной лексики представляют собой этнокультурно-лингвистические единицы, отражающие мировоззрение народа, его традиции и обычаи, социальное устройство и культурную жизнь. Цель статьи – классифицировать и описать наименования праздников и торжеств в соответствии с их тематико-семантическими особенностями, а также рассмотреть их во взаимосвязи с национальным мировосприятием казахского народа, его традициями, социокультурной средой и ролью в обществе. В соответствии с поставленной целью наименования праздников и торжеств были систематизированы и распределены по тематико-семантическим группам на основе группировки А. Кайдар, этнографической классификации и Закона «О праздниках в Республике Казахстан». В выделенные группы включены наименования, связанные с национальными традициями, государственные праздники и современные праздничные наименования.

В ходе исследования проанализированы культурно-социальные особенности традиционно проводимых торжеств и современных праздничных мероприятий, а также их роль в формировании общественной солидарности и единства. Установлено, что наименования праздников и торжеств выполняют кумулятивную функцию передачи культуры и традиций от поколения к поколению, выступают средством сохранения этнокультурных кодов и отражают преемственность между традиционными ценностями и современными социальными явлениями.

В результате исследования обосновано, что наименования праздников и торжеств представляют собой самостоятельную этнокультурную тематико-семантическую группу, отражающую сущность этноса и его мировоззрение.

Ключевые слова: этнолингвистика, лингвокультурология, этносемантика, лингвокультурное единство, названия праздников.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Bakhtin M. M. Creativity of Francois Rabelais and folk culture of the Middle Ages and Renaissance // Lib.ru/Classics: Mikhail Mikhailovich Bakhtin. The work of Francois Rabelais and the folk culture of the Middle Ages and Renaissance. – 1990.
- 2 Benjamin L. W. Language, Thought and Reality. – New York: Published jointly by The Technology Press of Technology, 1956. – 250 p.
- 3 Dell H. Foundations in Sociolinguistics: An Ethnographic Approach. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1974. – 239 p.
- 4 Кайдар А. Казахи в мире родного языка: этнолингвистический словарь. – Т. 2. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 с.
- 5 Манкеева, Ж.А. Когнитивные основы этнокультурных наименований в казахском языке. – Алматы: Ылым, 2008. – 356 с.
- 6 Уәли Н., Шойбеков Р. Этносемантический анализ видов и функций казахской свадьбы // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия «Филология». – 2021. – № 2 (135). – С. 32-39.
- 7 Бизаков С. Словарь синонимов. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 с.
- 8 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Т. 2. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.
- 9 Нурмаганбетов А. Пятьсот пять слов. – Алматы: Рауан, 1994. – 300 с.
- 10 Ибраева Д.С. Отражение национального мировоззрения в казахских мифологических рассказах // Вестник КазНУ. Серия «Филология». – 2014. – № 6 (152). – С. 302-306.
- 11 Islambekov A., Zhiyenbekova A., Azizov A., Arymbayeva K., Alikbayeva M. Holiday as a Phenomenon of Kazakhs: Sociocultural and Historical Aspects. Journal of Posthumanism. – 2025. – Vol. 5 (5). – P. 1012-1021. DOI: <https://doi.org/10.63332/joph.v5i5.1418>
- 12 Традиционная система казахских этнографических категорий, понятий и наименований. Т. 5: Энциклопедия. – Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. – 816 с.
- 13 Закон Республики Казахстан «О праздниках в Республике Казахстан» от 13 декабря 2001 года № 267-ІІ.
- 14 Казахский словарь (однотомный толковый словарь казахского языка). – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 с.
- 15 Калиев Б. Толковый словарь казахского языка. – Алматы: Институт развития государственного языка, 2014. – 728 с.

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

Thematic and semantic groups of names of holidays

A. Abilmazhinova¹, M. Akhmetova¹

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, 010000, Kazakhstan

The article examines the thematic-semantic groups of the names of holidays and ceremonial events in the Kazakh language. As an integral part of the national lexicon, the names of holidays and celebrations constitute ethnocultural and linguistic units that reflect the worldview of the people, their traditions and customs, social organization, and cultural life.

The aim of the article is to classify and describe the names of holidays and ceremonial events according to their thematic-semantic features, as well as to analyze them in relation to the national

worldview of the Kazakh people, their traditions, sociocultural environment, and role in society. In accordance with this aim, the names of holidays and celebrations were systematized and distributed into thematic-semantic groups based on the classification proposed by A. Kaidar, ethnographic classification, and the Law “On Holidays in the Republic of Kazakhstan.” The identified groups include names associated with national traditions, state holidays, and modern festive designations.

The study analyzes the cultural and social characteristics of traditionally held ceremonies and contemporary festive events, as well as their role in fostering social solidarity and unity. It has been established that the names of holidays and celebrations perform a cumulative function in transmitting culture and traditions from generation to generation, serve as a means of preserving ethnocultural codes, and reflect the continuity between traditional values and contemporary social phenomena.

The research substantiates that the names of holidays and celebrations constitute an independent ethnocultural thematic-semantic group that reflects the essence of the ethnos and its worldview.

Key words: ethnolinguistics, linguoculturology, ethnosemantics, linguistic and cultural unity, names of holidays.

REFERENCES

- 1 Bakhtin M. M. Creativity of Francois Rabelais and folk culture of the Middle Ages and Renaissance // Lib. ru/Classics: Mikhail Mikhailovich Bakhtin. The work of Francois Rabelais and the folk culture of the Middle Ages and Renaissance. – 1990.
- 2 Benjamin, L.W. Language, thought and reality. – New York: Published jointly by The Technology Press of Technology, 1956. – 250 r.
- 3 Dell, H. Foundations in Sociolinguistics. – Philadelphia: An Ethnographic Approach. University of Pennsylvania Press, 1974. – 239 r.
- 4 Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı äleminde: etnolingvistikalıyq sözdık. – T.2. – Almaty: Sardar, 2013. – 728 b.
- 5 Mankeeva, J.A. Qazaq tılındegı etnomädeni ataulardıñ tanymdıy negızderı. – Almaty: Ğylym, 2008. – 356 b.
- 6 Uäli, N., Şoibekov, R. Qazaq toıınyñ türlerı men qızmetine etnosemantikalıyq taldau // L.N. Gumilev atyndağy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. – № 2 (135). – 32-39 B.
- 7 Bizaqov S. Sinonimder sözdıgı. – Almaty: Arys, 2007. – 640 b.
- 8 Sevortän E.V. Etimologicheski slovär türkских iazykov. 2-tom. – Moskva: Nauka, 1978. – 349 s.
- 9 Nürmağanbetov, Ä. Bes jüz bes söz. – Almaty: Rauan, 1994. – 300 b.
- 10 İbraeva D.S. Qazaq miftık äñgimelerindegı ülttyq dünietanymnyñ körınısı // QazÜU habarşysy. Filologia seriasy. №6 (152), 2014. – B. 302-306.
- 11 Islambekov, A., Zhiyenbekova, A., Azizov, A., Arymbayeva, K., & Alikbayeva, M. (2025). Holiday as a Phenomenon of Kazakhs: Sociocultural and Historical Aspects. Journal of Posthumanism, 5(5), 1012–1021. DOI: <https://doi.org/10.63332/joph.v5i5.1418>
- 12 Qazaqtyñ etnografialıyq kategorialar, üğymdar men ataulardıñ дәstürlı jüiesi/ 5-tom, ensiklopedia. – Almaty: Alem Damu İntegrasia, 2017. – 816 b.
- 13 Qazaqstan Respublikasyndağy merекeler turaly Zañy, 13.12.2001 jyl № 267-II. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000267>
- 14 Qazaq sözdıgı (Qazaq tılıñ birtomdıy túsındırme sözdıgı). – Almaty: Däuir, 2013. – 1488 bet.
- 15 Qaliev B. Qazaq tılıñ túsındırme sözdıgı. – Almaty: Memlekettik tıldı damytu instituty, 2014. – 728 b.

Received: 29.12.2025